КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 28 қазан № 1013-25-00-2/1743 іс Семей қаласы

Абай облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья А.С. Байкумбаева,
сот отырысының хатшысы М.М. Султангазинның қатысуымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің «Семей аудандық пайдалану бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «DETECTO» Қабаш Нұрбек Мұратжанұлы

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы ретінде тану

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Талап қоюшының өкілі А.Ж. Ескенова
Жауапкер Н.М. Қабаш

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

Тараптардың арасында 2024 жылғы 15 ақпанда №15 мемлекеттік сатып алу туралы шарты жасалған. Ол бойынша жауапкер Семей АПБ объектілерін күзетудің техникалық құралдарына техникалық қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі қызметтерін көрсетуге міндеттенді. Шарттың сомасы 1 111 111 теңге. Жеткізу мерзімдері: 2025 жылдың 31 желтоқсанға дейін.

Шарт 2025 жылғы 25 маусымда бұзылған.

Талап қоюшы талап қоюында жауапкер қызмет көрсетпегенін көрсетіп, жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тануды сұрады.

Талап қоюшының өкілі талапты қолдады.

Жауапкер қызметтерді көрсетпегенін растады.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы ретінде тану туралы талап қою бойынша.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу» туралы Заңының (бұдан әрі - Заң) 8-бабы 4-тармағы бірінші бөлігінің 3) тармақшасына сай мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізілімі өздерімен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда тапсырыс беруші шарт бұзылған не шарттың қолданылу мерзімі өткен күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

Жауапкер қызметті көрсетпей, шарт бұзылғандықтан, өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қою қанағаттандырылады.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі – АПК) 117-бабына сай мемлекеттік баж жауапкерден өндіріледі.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің «Семей аудандық пайдалану бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесінің жауапкер жеке кәсіпкер «DETECTO» Қабаш Нұрбек Мұратжанұлына мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы ретінде тану туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «DETECTO» Қабаш Нұрбек Мұратжанұлы мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы ретінде танылсын.

Жеке кәсіпкер «DETECTO» Қабаш Нұрбек Мұратжанұлынан 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге, осы сот арқылы, Абай облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты, түпкілікті нысанда шешім шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған адамдармен өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде берілуі мүмкін.

Судья **А.С. Байкумбаева**

Құжатқа қол қойылған: Байкумбаева А. С., 31.10.2025

Заңды күшіне енген күні: 04.12.2025, судья Байкумбаева А. С., 31.10.2025